«Қарағанды облысы Әділет департаменті» ММ
20 22 ж. «09» 02
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАҒА
мемлекеттік қайта тіркеу жүргізілді
БСН 950740000309
Алғашқы тіркелген күні 1994 ж. «15» 07

Қарағанды қаласы әкімдігінің
2022 жылғы «27» 01
№ 05/71
қаулысымен бекітілді

«Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1. «Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің ақпараттық-талдау тұрғысынан, ұйымдық-құқықтық және материалды-техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. «Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне және өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сонымен қатар осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. «Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланктері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

4. «Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

5. «Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілсе, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. «Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі орнатылған тәртіпте өзінің құзыреті мәселелері бойынша шешімдерді, Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған актілерімен ресімдейді.

7. «Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индексі 100001, Қарағанды қаласы, Архитектурная көшесі, №13 үй.

9. Мемлекеттік мекеменің толық атауы:

мемлекеттік тілде: «Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде: государственное учреждение «Аппарат акима района Әлихан Бөкейхан города Караганды».

ГУ "Аппарат акимата района Әлихан Бөкейхан города Караганды" Абуова М.Ж.

10. Осы Ереже «Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. «Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. «Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау үшін «Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер «Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер түсіретін қызметті жүзеге асыруға құқық берілген болса, осындай қызметтен алынған пайда мемлекеттік бюджет кірісіне бағытталады.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары және міндеттері

13. «Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің миссиясы: Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік басқару саласында мемлекеттік саясатты жүргізу.

14. Міндеттері:

1) Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің ақпараттық-талдау тұрғысынан, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген басқа да міндеттерді орындау.

15. Функциялары:

1) Қазақстан Республикасы Конституциясын, Қазақстан Республикасының Заңдарын, Президентінің және Үкіметінің актілерін орындауын ұйымдастыру мен олардың орындалуын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерін, облыс, қала және аудан әкімдерінің шешімдерін, өкімдері мен тапсырмаларын, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы әкімдіктерінің қаулыларын орындалуына бақылауды жүзеге асыру;

2) Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімі аппаратының қызметкерлерімен жол берілген, қадағалау органдарымен айқындалған кемшіліктерді жою бойынша шаралар;

3) қала, облыс әкімі аппараттарымен, қалалық және облыстық мәслихаттармен, қоғамдық ұйымдармен өзара қарым-қатынасты қамтамасыз;

4) Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің қызметін құжаттамалық қамтамасыз ету, қызметтік құжаттарды, хаттар мен өтініштерді қарар, азаматтарды қабылдауды ұйымдастыру, құжат айналымын талдау, құпия

«Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің аппараты» ММБулкумекова М.Ж.

құжаттамамен жұмыс, мемлекеттік және орыс тілдерінде іс жүргізудің жетілдіруін қамтамасыз ету;

5) Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің қатысуымен өткізілетін шараларды ұйымдық және ақпараттық қамтамасыз ету, Қарағанды қаласы Октябрь ауданы әкімінің және оның орынбасарларының күнделікті қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау, олармен өзара әрекетті ұйымдастыру;

6) Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің кадрлық саясатын жүзеге асыру бойынша жұмысты ұйымдастыру, біліктілікті жоғарлату мақсатында мемлекеттік қызметшілердің оқуын, сондай-ақ маемлекеттік қызметшілердің тағылымдама ұйымдастыру;

7) қаланың коммуналдық меншігін құруда қатысу, нақты айтқанда: абаттандыруды, көгалдандыру, аула аумақтарының, скверлердің санитариясын бюджеттік бағдарламалар шегінде қамтамасыз ету, сондай-ақ коммуналдық меншіктің күту бойынша шараларды өткізу;

8) азаматтық хал-ахуал актілерін тіркеуді және туу туралы куәліктерді беру кезінде жеке сәйкестендіру нөмірлерді құрастыруды ұйымдастырады;

9) өз құзыреті шегінде жалпы әскери міндеттілік және әскери қызмет, азаматтық қорғаныс, сондай-ақ жұмылдыру дайындығымен жұмылдыру туралы мәселелер бойынша заңнамалардың орындалуын ұйымдастырады және жәрдемдеседі;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нормативтік құқықтық және құқықтық актілерді дайындауды және құрастыруды жоспарлау;

11) мемлекеттік жұмыс және қызмет сатып алу келісім-шарттарын, сонымен бірге бөлінетін бюджет қаражаттарын игерілуіне тұрақты бақылау мен мониторинг қамтамасыз ету;

12) өз құзыреті шегінде қадағалау органдардың актілерін өз құзыреті шегінде қарастыру, бұзуларды жою және жол бермеу бойынша сәйкес ұсыныс енгізу, сәйкесінше жауаптарды, ұсыныстарды және нормативті құқықтық, құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу;

13) кәсіби емес медиаторлар тізілімін жүргізуді ұйымдастыру;

14) алқаби кандидаттарының алдын ала бастапқы тізімін құрастыруды ұйымдастыру;

15) Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы бойынша жасыл екпелерді күтіп ұстау және қорғау мәселелерін реттеу саласындағы уәкілетті органның функцияларын жүзеге асыру;

16) Денсаулық сақтау, білім беру, баларды мектепке дейінгі және мектептен тыс тәрбиелеу, ауданның мәдениет және спорт мекемелерімен және ардагерлер мен мүгедектердің аудандық ұйымдарымен, қоғамдық саяси бірлестіктермен, үкіметтік емес ұйымдармен және Әлихан Бөкейхан ауданында орналасқан этномәдени бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау;

17) Жоғары итұрған органдарға жұмыспен қамту, атаулы әлеуметтік көмек көрсету туралы ұсыныстар енгізу үшін аз қамтылған тұлғаларды анықтау, оларға қайырысдылық көмек көрсетуді үйлестіру;

Государственное учреждение "Аппарат акима района Әлихан Бөкейхан г.Караганды" Булкушбаева М.Ж.

18) Әлихан Бөкейхан ауданы бойынша тарихи және мәдени мұраларға мониторинг жүргізу;

19) Мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерімен бірлесіп мәдени бұқаралық және қайырсдылық іс шараларын ұйымдастыру;

20) Қылмыстық-атқару жүйесінен босатылған адамдарға пробация және рақымшылық жасау бойынша уәкілетті мемлекеттік органдармен өзара-іс қимыл жасау;

21) Жергілікті әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамытуға өз құзыреті шегінде көмек көрсету;

22) Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы аумағындағы көшелерді жарықтандыру;

23) Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданының аумағында қаланы безендіру элементтерін орнату және күтіп ұстау;

24) Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданының аумағында жолдарды күтіп ұстау.

16. Құқықтары мен міндеттері:

1) барлық меншік түріндегі кәсіпорындардан, мекемелерден және ұйымдардан қажет ақпарат, құжаттар және басқа да материалдар сұрау және алу;

2) ақпараттық мәліметтердің барлық түрін, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнасымен белгіленген тәртіпте құпия ақпараттар пайдалану;

3) Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкіміне Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімі аппаратының құрылымы мен қызметін жетілдіру бойынша ұсыныс енгізуге;

4) «Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне қатысты мәселелер бойынша мемлекеттік және мемлекеттік емес органдармен және ұйымдармен қызметтік хат алмасу;

5) өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған іс-шараларды жүзеге асырады, сәйкес іс-шаралар жоспарын әзірлейді, сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша аумақтық және қалалық іс-шаралар жоспарының міндетті түрде орындалуын қамтамасыз етеді;

6) Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің аппаратындағы іс жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес іс жүргізуді, мекеме құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге және «Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекеменің жабылуы кезінде құжаттарды мемлекеттік сақтауға қамтамасыз етеді;

7) Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің құқықтық және нормативті-құқықтық актілерінің заңнамаға және қолданыстағы заңнамамен белгіленген әкімшілік рәсімдерге сәйкестігіне жауапкершілікте болады;

8) «Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекеменің атына келіп түскен немесе қала әкімінің, оның орынбасарларының және қала әкімі аппараты басшысының тікелей тапсырмасы бойынша қолданыстағы заңнамамен белгіленген мерзімде жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне жауап әзірлейді және жолдайды;

ГУ "Аппарат акима района Әлихан Бөкейхан города Караганды" "АБулкумбекова М.Н.

9) Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің, Қарағанды қаласы әкімінің және әкімдігінің тапсырмаларын міндетті түрде орындау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

17. «Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуы және өз функцияларының жүзеге асырылуы үшін, сонымен бірге сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа және қылмысқа қарсы әрекетке дербес жауапкершілікте болатын бірінші басшы «Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесін басқарады.

18. «Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

19. «Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметінен босатылатын орынбасарлары болады.

20. «Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының құзыреті:

1) заңнамамен бекітілген тәртіпте «Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін тәртіптік жазаға тарту сұрақтарын қарастырады;

2) басқа мемлекеттік органдарда және басқа ұйымдарда «Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесін ұсынады;

3) «Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат кестесін, сондай-ақ оған өзгертулерді енгізуді бекітуге ұсынады;

4) әкімгері болып табылатын бюджеттік бағдарламаларды жоспарлау және жүзеге асыруды қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес бюджеттік бағдарламалардың сапасыз жоспарлау және нәтижесінде қол жеткізуге жауапкершілікте болады;

5) арыздарды, өтініштерді, шағымдарды қарастырады, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөнінде шараларды қабылдайды;

6) Қарағанды қаласы әкімдігінің жанындағы кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөнінде жұмысты Әлихан Бөкейхан ауданында ұйымдастырады;

7) елді мекендерді көркейту, жарықтандыру, көгалдандыру мен санитарлық тазалау жөнінде жұмыстарды ұйымдастырады;

8) Қазақстан Республикасының заңнамаға сәйкес басқа да құзыреттерді жүзеге асырады.

«Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының жоқ болған жағдайда,

Ә. Алиаскарова Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің аппараты

қолданыстағы заңнамаға сәйкес оның құзыретін оны алмастыратын тұлға орындайды.

21. Бірінші басшы қолданыстағы заңнамаға сәйкес өз орынбасарларының құзыретін айқындайды.

22. Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын аудан әкімі аппаратының басшысы басқарады.

23. «Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жұмыс режимі Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасына сәйкес орнатылады.

4. Мемлекеттік органның мүлігі

24. «Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшау мүлікке ие бола алады.

«Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің мүлкі меншік иесі берген мүлік, сонымен қатар өз қызметі нәтижесінде Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерден және сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) есебінен қалыптасады.

25. «Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

26. Заңнамамен өзгедей белгіленбесе, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша берілген қаражат есебінен алынған мүлікті өздігімен иеліктен шығаруға немесе басқа да тәсілмен билік етуге «Қарағанды қаласы Октябрь ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

27. «Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

ГУ "Аппарат акима района Әлихана Бөкейханова г.Караганды" Абулкумбекова Ж.Х.